

## 2012 жылға "Жастар іс-тәжірибесін" ұсынушы немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 6-қ қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 ақпанда № 11 -7-110 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына , Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға «Жастар іс - тәжірибесін» ұсынушы немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің тізбесі және еңбек ақы мөлшері қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Асауовқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

*Е.Әбілов*

« К Е Л І С І Л Д І »

Тұманбаева Жаңыл Кемелқызы  
«Мұнайлы аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

25 қаңтар 2012 ж.

Толыбаева Алмагүл Мұхамедқызы  
«Мұнайлы аудандық экономика  
және қаржы бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

25 қаңтар 2012 ж.

**2012 жылға «Жастар – іс тәжірибесін» ұсынушы немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі және еңбек ақы мөлшері**

№ р/с	Мекемелер және кәсіпорындар атауы	Кәсіп-тердің атауы	Жұмыссыз - дар саны ( адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері ( теңге)	Жұмыс мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	« Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі » ММ	Техник	1	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
2	« Мұнайлы аудандық кәсіпкерлік бөлімі » ММ	Экономист	1	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
3	« Мұнайлы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі » ММ	Банк ісі	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
4	« Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі » ММ	Банк ісі	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
5	« Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі » ММ	Экономист	5	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет

6	« Мұнайлы аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі » ММ	Экономист	1	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
7	« Маңғыстау селосы әкімінің аппараты » ММ	Экономист	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
8	« Баянды селосы әкімінің аппараты » ММ	Заңгер	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
9	« Қызылтөбе селолық округі әкімінің аппараты » ММ	Есепші	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
10	« Дәулет селолық округі әкімінің аппараты » ММ	Ветеринар	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
11	« Атамекен селолық округі әкімінің аппараты » ММ	Заңгер	3	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
12	« Басқұдық селолық округі әкімінің аппараты » ММ	Инженер, техник	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
13	« Батыр селолық округі әкімінің аппараты » КММ	Есепші	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
14	« Мұнайлы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі » ММ	Экономист, оператор	5	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
15	« Мұнайлы аудандық ішкі істер бөлімі » ММ	Экономист, заңгер, бағдар-ламашы	4	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
16	« Мұнайлы аудандық әділет басқармасы » ММ	Заңгер, экономист	3	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
17	« Мұнайлы аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы » РҚКК	Техник	1	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
18	«Мұнайлы аудандық зейнетақы тағайындау орталығы» РҚКК	Банк ісі	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
19	«Мұнайлы» газеті редакциясы» МКК	Экономист	2	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет

20	«Мұнайлы аудандық орталық ауруханасы» МКҚК	Фельдшер, мейірбике	10	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
<b>Барлығы:</b>			<b>54</b>			

ММ – мемлекеттік мекеме

МКК – мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

РҚКК – республикалық қазынашылық коммуналдық кәсіпорын

МКҚК – мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорын

КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме

Мұнайлы ауданы әкімдігінің  
25 қаңтар 2012 ж  
№ 6-қ қаулысына қосымша № 2

## 2012 жылға «Жастар – іс тәжірибесін» ұсынушы немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі және еңбек ақы мөлшері

Ескерту. 2 қосымшамен толықтырылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2012.04.20 № 112-қ (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ р/с	Мекемелер және кәсіпорындар атауы	Кәсіп-тердің (лауазымдар) атауы	Жұмыс-сыздар саны (адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері (теңге)	Жұмыс мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы	Экономист, техник	6	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
2	Мұнайлы аудандық ардагерлер кеңесі	Экономист	1	26 000	6 ай	Жергілікті бюджет
<b>Барлығы</b>			<b>7</b>			